

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі қазақстандықтардың жинақталған таза инвестициялық кірісінің үлесі өсуде

Жылдан жылға зейнетақы жинақтарының көлемі, сондай-ақ ондағы инвестициялық табыстың үлесі өсуде. 2014 жылдан бастап жинақталған (зейнетақы активтері БЖЗК-ға біріктірілгеннен кейін) таза инвестициялық табыс 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша **11,46 трлн теңге** болды (салыстыру үшін - 01.03.2024 ж. 8,83 трлн теңге). 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі жүзеге асырылған төлемдер есебімен бірге **40,3%** жетті. Бұл инвестициялық қызметтің зейнетақы жинағын қалыптастыруда алатын рөлінің маңызды екенін көрсетеді (01.03.2024 ж. бұл көрсеткіш 37,4% болды).

Атап өткен жөн, зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестиция. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған абзал. Жекелеген кезеңдерде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығына, қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ инфляцияның ықпалына байланысты кірістіліктің төмендеуі байқалуы мүмкін.

Орта және ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 наурызға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік **962,28%** болды, бүкіл кезеңдегі инфляция **851,90%** көрсетті.

Кейбір құралдар бойынша алынған кіріс арқылы басқа құралдар бойынша уақытша орын алған шығындарды жабуға мүмкіндік беретін инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жыл ішіндегі инвестициялық кіріс тұрақты түрде өсіп отырды, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті. 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) басқаратын және міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылып, соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген зейнетақы активтерінің кірістілігі - **13,74%**, ал инфляция **9,4%** мөлшерінде болды.

Сондай-ақ, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік

берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).